



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ
«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» ОРТАЛЫҒЫ

Профессор **Ф.С.ТАШИМОВАНЫҢ**
60-жылдық мерейтойына арналған
«ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
халықаралық ғылыми әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-методической конференции на тему:
«АЛЬ-ФАРАБИ И СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ
ПРИКЛАДНОЙ ПСИХОЛОГИИ», посвящённая
60-летнему юбилею профессора **ТАШИМОВОЙ Ф.С.**

MATERIALS

of international scientific-methodical conference on
"AL-FARABI AND MODERN PROBLEMS
OF APPLIED PSYCHOLOGY"
devoted to 60-anniversari of professor **TASHIMOVOYA F.S.**

Алматы, 2016

Основные направления развития культурной политики РК предполагают гармоничное развитие казахской культуры в условиях глобализации. Мы предполагаем, что современная казахстанская культура нуждается не только в защите от вызовов и угроз глобализации, но и в необходимости создания казахстанской культурной ниши в мировом культурном пространстве, определении места, роли, векторов ее влияния на мировую цивилизацию. Казахстан, как и большинство стран мира, располагает ограниченными людскими, минерально-сырьевыми и финансовыми ресурсами для реализации проекта вхождения в число наиболее развитых стран. В силу указанного обстоятельства Казахстан должен ограничить себя определенным числом проектов. Мы считаем, что культура может стать одним из важных проектов и способов вхождения в мировое цивилизованное пространство. Отличие культурных ресурсов от минерально-сырьевых заключается в том, что первые являются возобновляемыми ресурсами и не теряют стоимостной ценности на кризисных этапах. Культурные ценности не являются только объектами этнографического исследования, но и могут стать частью национального производства и пополнять ВВП страны.

По мнению многих философов и культурологов, XXI век вполне может стать веком тюркской культуры и цивилизации, что обусловлены множеством факторов. Во-первых, в условиях глобализации особенную значимость приобретают ареалы контакта современных мировых суперцивилизаций. Тюркский мир расположен на стыке четырех цивилизаций (исламской, православной, китайской, западной), так или иначе принимает воздействия всех этих культур и сам оказывает на них существенное влияние. Во-вторых, в новых независимых тюркских государствах в связи с необходимостью возрождения культурных корней и вхождением в мировой цивилизованное сообщество рождается мощный заряд пассионарности. Да и в Республике Турция этот заряд далеко не исчерпан, идет активная работа человеческого духа. В-третьих, традиционные ценности и идеи тюркской философии (толерантность, сакральность слова, открытость, уважение к традициям и восприимчивость к инновациям, этическая ориентированность, близость к природе и экологическое сознание и т.д.) востребованы современной мировой цивилизацией.

Литература

1. Тойнби А. Дж. Постижение истории. – М.: Мысль, 199 – 421 с.
2. Ионов И.Н., Хачатурян В.М. Теория цивилизаций от античности до конца XIX века. – СПб: Алетей, 2002.
3. Акаатай С. (1998). *Национальный менталитет казахов.* – Алматы: КазМОГЗИ. – 212 с.
4. Аугустинавичюте А. (1998). *Соционика: Введение.* – М.,СПБ. – 448 с.

ИНДИГЕНДІК ПСИХОЛОГИЯ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ВАЛИДТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Сейітнұр Ж.С.

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті

Кез келген ғылыми зерттеудің күмәнсіздігі, шүбәсіз дұрыстығы өте маңызды боп саналады. Ақиқатқа жету, жете дәлелдеуді талап ету ғылымды өзге салалардан, мәселен, діннен ажырататын басты өлшемнің бірі. Қазақша айтсақ, ғылыми зерттеудің төрт құбыласы түгел болуы керек: репрезентативтілік, валидтілік, сенімділік, шүбәсіздік (шынайылығы). Репрезентативтілік талабы жалпылау, қорытынды жасау үшін маңызды. Зерттелінетін пән экспериментке кірмейтін адамдардың ерекшеліктерін қамтитын, бейнелейтін болуы керек. Эксперименттік іріктеу тобында алған нәтижені шынайы өмірдегі топтың, популяцияның психологиясына көшіре алмасаң не үшін зерттеу жүргізілді деген сауал туындайды.

Бұл мақалада біз валидтілікті жетілдіру мәселесіне арнайы тоқталамыз. Барлығыңызға белгілі, эксперименттік психология мен психодиагностикадағы іргелі ұғымдардың бірі болып валидтілік (validity) түсінгі саналады. Валидтілік әдістемелердің белгілі бір сапаларды, ерекшеліктерді зерттеуге қаншалықты жарайтындығын және оның тиімділігін анықтайды. Яғни, бұл ұғым зерттеу әдістемелері мен нәтижелерінің қойылған міндеттерге сәйкес келуін білдіреді. Тест немесе әдістеме өлшеуге тиіс нәрсені өлшеуі керек. Валидтілік – әдістеменің дәл сол құбылысты өлшеуге арналғанын көрседі және оны өлшеуге жарамдылығы мен тәжірибелік пайдалылығы жөніндегі мәліметтерді қамтитын зерттеу әдісінің кешенді сипаттамасы. Валидтілік (жарамдылық) – барлық өлшеу процедурасының валидтілігі алынған нәтижелер өлшенетін объектілер қасиетіне қатысты біржақты (орнықты) болып табылады, яғни өлшеу пәніне қатысты болады. Валидтіліктің сенімділіктен айырмашылығы — өлшеудің "объектісі" мен "пәні" ұғымдарын айырумен байланысты түсіну керек. Валидтіліктің келесі негізгі түрлері болады: ішкі, сыртқы, операциялдық, конструктық, популяциялық немесе экологиялық. Кейбір зерттеушілер экологиялық валидтілікті сыртқы валидтіліктің жеке бір формасы ретінде қарастырады. Нақты зерттеу қортындыларын лаборатория жағдайынан реалды жағдайға тарату мүмкіндігін айтады.

Бүгінгі таңда лабораториялық зерттеулердің нәтижесін күнделікті өмірге көшіру мәселесі өзекті болып тұр. Қаншалықты жасанды жағдайда алынған зерттеулер нәтижесі шынайы өмірге жарамды? Мысалы, кәсіби жарамдылықты анықтауға арналған жазбаша тест қортындысы адамның кәсіби практикада ол жұмысты ойдағыдай атқара алатынын анықтай ала ма? Немесе әлеуметтік психологиядағы эксперимент күнделікті өмірдегі әлеуметтік өзара әрекеттесуді қаншалықты шынайы бейнелейді әрі болжайды? Осы мәселені дұрыс шешу үшін ғалымдар «экологиялық валидтілік» (ағыл. ecological validity) ұғымын қолданады.

Экологиялық валидтілік – эксперимент жағдайының зерттелінетін шынайы болмысқа сәйкес келу дәрежесі. Ол сыртқы валидтілікпен қатар психологиялық эксперименттің нәтижелерін қаншалықты шынайы өмірге көшіруге болатынын көрсетеді. Зерттеу нәтижесі зертханадан тыс жағдайға жарай ма? Күнделікті өмірге сай келмейтін эксперименттік зерттеулердің бізге қандай пайдасы бар?

Адамдар көбіне экологиялық валидтілікті сыртқы валидтілікпен (ағыл. external validity) жиі шатастырады. Бұлар өзара тығыз байланысты болғанымен екеуінің өзіндік айырмашылығы бар. Мәселен, зерттеу сыртқы валидтілікке ие болғанымен, бірақ экологиялық валидті болмауы мүмкін немесе керісінше жағдай орын алады. Сыртқы валидтілік (англ. external validity) – нақты бір зерттеу нәтижелерін осыған ұқсас жағдайлар, оқиғалар, объектілердің барлық тобына қаншалықты таратуға мүмкін болатынын анықтайтын валидтіліктің түрі. Ғылыми зерттеулердегі талдап жинақталған қорытындылардың сенімділігі мен күмәнсіздігіне үлкен мән беріледі. Яғни, сыртқы валидтілік алынған нәтижелерді қаншалықты сенімді әрі жеткілікті жалпылауға болатынын көрсетеді. Зерттеулер ең жоғары валидтілік дәрежесіне ие болу үшін оның нәтижелерін басқа популяцияға, өзге де жағдай мен шарттарға, басқа уақыт аралығына тарату, қолдану мүмкіндігі болуы тиіс. Алынған нәтижелер гетерогенді популяцияларға жарамды болу үшін тек эксперименттік әдістермен ғана шектелмей, кросс- мәдени зерттеулер, бақылау, амбулаторлық бағалау және т.б. әдістерді қолдануымыз қажет. Кез келген валидтілік түрі сияқты, ғылыми зерттеулерде сыртқы валидтілікті абсолюттік тұрғыда сақтау мүмкін емес, бірақ оның бұзылуын айқынтіркеуге болады. Сондықтан валидтіліктің сақталу дәрежесін ескеру маңызды. Психология ғылымында сыртқы валидтілікті сақтау құнды дүние болып табылады. Өйткені, шектеулі жағдайға қарағанда, кең ауқымда ғылыми нәтижені қолдану сол құбылысты алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Зерттеушілердің пайымдауынша, психологиядағы натуралистік әдістер лабораториялық эксперименттерге қарағанда күнделікті өмірдегі мінез- құлықты анағұрлым дәл анықтай алады. «Табиғи» жағдайдағы «табиғи» мінез- құлықты анықтаудың практикалық пайдасы зор. Американдық философ Томас Нейджел өзінің әйгілі «Жарғанат болу қалай екен?» («What Is It Like to Be a Bat?», 1974) деген мақаласында тәжірибенің субъективтік сипатына ерекше мән береді. Эксперименттегі жасанды жағдай квалианы, тікелей сезімдік тәжірибені ескермей жататынын естен шығармауымыз керек. Сот залындағы шынайы сот процесін сезіну мен оны сынақ, эксперимент барысында төрешілер үлгісін имитациялау негізінде жаттығу арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Экологиялық жарамды болу үшін, ғылыми-зерттеу әдістері нақты өмір жағдайына жақын болуы тиіс. Сонымен, эксперименттің экологиялық валидтілігін жетілдіру, әдетте сыртқы валидтілікті деарттырады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы мен инновация талабы тек академиялық шеңберде шектеліп қалмаудың маңыздылығын көрсетеді. Алынған ғылыми қорытындылар практикада, шынайы өмірде қолдануға жарай ма? Қазақстандық ғылыми зерттеулерге метаталдау жасасақ қаншасы бұл талап

үрдісінен шыға алады. Әдетте, академиялық экспериментші- психолог ғылыми экспериментті теория мен болжамды тексеру үшін жасайды. Американдық психолог Ури Бронфенбреннер эксперименттік зерттеулерде қатаңдыққа басымдық беру керемет әдемі боп көрінгенімен көбіне шектеулі дәрежедегі нәтижеге әкелетінін атап өтті. Ол экологиялық валидтілік тұжырымдамасын өзгертуді ұсынды: зерттеу табиғи жағдайда жүзеге асырылып және күнделікті өмірдегі нысаналар мен қызметтерді қамтитын болса ғана экологиялық валидті болып табылады[1].

Бүгінде психологиялық зерттеулердің экологиялық валидтілігін арттыру үшін индигендік психология (Indigenous psychology) бағытының маңызы зор. Бұл бағыттың ең жарқын өкілдерінің бірі кәріс психологы У.Кимнің пайымдауынша, «индигендік психология – басқа аймақтан алып келінбеген және тек «өздеріне» арналған ерекше психологиялық білім[2;3]. Бұл тұрғыдан қарасақ, психологиялық құбылыстар әлеуметтік-мәдени контексте зерттелінуі тиіс, кез келген құбылысты психологиялық түсіндіру мен түсіну жергілікті стандартқа сай болуы тиіс.

Индигендік психологияға тән белгілерге қысқаша тоқталып кетейік. Біріншіден, индигендік психология психологиялық феномендерді контексттік тұрғыда зерттеуге үлкен мән береді. Екіншіден, индигендік психология - жалпы барлық елдерді, мемлекеттерді қамтиды. Көбінесе адамдар индигендік психологияның зерттеу пәнін шеткері, оқшауланған жерлерде өмір сүретін «экзотикалық» адамдар жайлы антропологиялық зерттеулермен тенеістереді. Ол қате түсінік. Индигендік психологияның мазмұнын тек «Үшінші Дүниеде» өмір сүретін адамдар жайлы ғана білім емес, кез келген мәдени және этностық топтарға тән жергілікті, инсайдерлік білімдер жүйесі құрайды. Үшіншіден, индигендік психология психологиялық әдістемелерді негіздеумен не дәлелдеумен, болмаса құрастыру не жоюмен айналыспайды. Ол кез-келген феноменді талдау үшін тиімді әдістемелерді қолдануды жөн көреді. Өйткені, ғылыми қауымдастықтың қолданатын әдістемелері сан алуан және әдіснамалық әрі әдістемелік аспект ғылымда әлі шешуін таппаған күрделі мәселелердің бірі. Индигендік психология әр түрлі әдістер мен әдістемелердің қолданысын жақтайды: сапалық, сандық, эксперименттік, салыстырмалық, көптік методикалар, философиялық талдау және т.б.;

Төртіншіден, тек мәдениет иелері, яғни іштегі, жергілікті адамдар ғана нағыз тәлтума және жергілікті мәдени феномендерді толық түсіне алады, ал сырттан келгендерге бұл түсінік шектелген түрде ғана қол жетімді болып есептеледі. Бесіншіден, индигендік психология күнделікті тұрмыстық, эмпирикалық білімдерге, яғни эпизодтық білімдерге мән береді. Адамдар өздері және айналасындағы әлеуметтік дүние жайлы күрделі түсініктерге ие. Олар практикалық және эпизодтық түсінікке ие болғанмен, берілген құрылымды немесе үдерісті сипаттайтындай аналитикалық қабілеттерге ие болмауы мүмкін. Эпизодтық және аналитикалық білім, екеуі екі түрлі таным болып табылады. Жалпы психология психологтардың концепцияларын, түсіндірмелерін ұсынғанмен, ол нақты адамзат психологиясын білдірмейді. Басқа сөзбен айтқанда, қазіргі заманның психологиясы - психологтардың

психологиясы болып табылады. Жергілікті психологияда алынған эпизодтық ақпараттар тестіленіп, дәлелденуі үшін, аналитикалық пішінге келтіруі тиіс.

Алтыншыдан, жергілікті концепциялар индигендік психологияның мысалдары ретінде қарастырылған. Гректің филоtimo концепциясы («сыпайы, ізгілікті, сенімді, намысқор адам», Триандис, 1972), үнділік анасакти («бөлінбеу», Панде & Найдю, 1992), жапондық амаэ («шыдамды тәуелділік»), Дой, 1973), Филиппиндегі капва («тұлғаның басқалармен бөлісуі», Энрикез, 1993), Кореяның джунг түсінігі («терең құштарлық немесе інкәрлік») Цой, Ким & Цой, 1993) арнайы талданып, түрлі мәдениетке байланысты синдромдар ретінде танылды. Қазақтардың да тек өзіне тән мәдени синдромдары, индигендік тұлға концепциялары (мәселен, Абайдың «толық адам» концепциясы, Шәкерімнің ар ілімі сияқты) бары белгілі. Өкінішке орай, батыстық әдіснамадан өзгені мойындамайтын қазақстандық психологтар ондай тақырыптарға бойлап бара бермейді. Жоғарыда келтірілген концепциялар қызықты болғанмен, тілдік кедергілер коммуникативтік процеске бөгет болуда. Екінші бір мәселе, берілген концептуализациялардың шынайылығын нақтылау қиынға соғады. Үшінші мәселе, осы жергілікті талдауларға эмпирикалық қолдау көрсетілмегендіктен, ғылыми еңбекті іске асыру қиынға соғады. Дескриптивтік талдау – осы индигендік психология зерттеулеріндегі бастапқы нүкте болғанмен, қорытынды нүктесі емес.

Жапон зерттеушісі С. Ямагучидің пікірінше, мәдени психология мен индигендік психология адам психологиясының әмбебаптығы идеясын қабылдамайды. Индигендік психологияның өкілдері зерттеудің теориясы, әдістері, терминологиясы сол зерттелінетін мәдениетте дамуы тиіс және зерттеуші ғалым ретінде нақ сол мәдениеттің адамдары болуы шарт деп есептейді.

Сонымен, зерттеушілер индигендік психология ретінде белгілі бір мәдени дәстүрге негізделген психологиялық ой-пікірлер мен практиканың жүйесін атап жүр. Индигендік психология әлеуметтік мінез-құлықты зерттейтін ғылымдардың мәдени аспектіні ескеру қажеттілігінен туындап отыр. Өйткені, қазіргі психологиялық ғылымдардың қортындыларының әмбебаптығы проблемасы өткір тұр. Бүгінде адамдардың әлеуметтік мінез-құлық туралы ғылыми түсініктер батыстық мәдениет негізінде қаланып отыр. Батыстық психологиялық білімдер (WASP, ағылшынша Western academic scientific psychology — Батыстық академиялық ғылыми психология) басым көпшілік әлеміне сәйкес келмейтіні эмпирикалық деңгейде белгілі болды. Статистикалық тұрғыдан да, демократиялық қағида тұрғысынан да көпшілік маңызды. Егер психология ғылымы нағыз ғылыми қорытынды шығарғысы келсе, онда мәдени ерекшеліктерді ескеретін кросс-мәдени (салыстырмалы) зерттеулерін жүргізуі шарт. Индигендік психология осы талаптарды ескереді. Өйткені, индигендік психологтар жергілікті (локалды) адамдар қоғамының әлеуметтік-мәдени фактісіне сәйкес келетін мінез-құлық туралы ғылымды дамытқысы келеді. Адамдарға психологиялық көмек көрсетуде индигендік тұрғыдан келудің тиімділігі бары анықталды[4]. Индигендік психология батыстан бөлек қоғамның дәстүрі, нанымы, сенімі мен идеологиясын бейнелейтін психология.

Батыстық психологияның басымдығына қарсы реакция (жауап) ретінде өмірге келіп отыр. Оны этноғылымдар қатарына жатқызуға болады.

Сонымен, төлума және жергілікті жағдайға сай келетін психологиялық құбылыстарды зерттейтін индигендік психология психологиялық зерттеулердің экологиялық валидтілігін сақтауда маңызды рөл алады.

Әдебиеттер:

1. Bronfenbrenner, U . The Ecology of Human Development: Experiments by Nature and Design. Cambridge, MA: Harvard University Press,, (1979).
2. Kim U., Yang K-Sh., Hwang K-K. Indigenous and Cultural Psychology: Understanding People in Context. – Springer US, 2010. – 518 p.
3. Лебедева Н.М. Этническая и кросс-культурная психология: Учебник для высших учебных заведений. М.: МАКС Пресс, 2011- С.18
4. Бондаренко А.Ф., Федько С.Л. Тенденции индигенизации и их осмысление в современной консультативной психологии // Медицинская психология в России: электрон. науч. журн. – 2014. – N 5(28) [Электронный ресурс].

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПЕН ЭМОЦИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

*Тоқсанбаева Н. Қ., Жубаназарова Н. С.,
Нағашбекова М.Б., Есбергенова Г. Б.*

Әл- Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті.

Әлемде болып жатқан өзгерістер, дәлірек айтсақ әлеуметтік-экономикалық, саяси, идеологиялық арақатынастардың, әскери шиеленістердің көбеюі конфессионалдық және ұлттық идеалдардың шеттетілуі, жалпыадамзаттық құндылықтардың бағаланбауы көбіне этностар арасындағы қарым-қатынаста шиеленістік жағдайларға соқтыратыны белгілі. Осы орайда, тұлға бойында нақты этнос өкілдерінің өзіндік ерекшеліктері, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, құндылық бағдары, ұлттық мәдени қағидалары және этносаралық қарым-қатынас мәдениет негіздерін қалыптастыру маңыздылығы артады.

Қазақстан секілді полиэтностық мемлекетте этносаралық шиеленістік жағдайлардың алдын алудың бірде-бір жолы – ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1999 жылы 21 қаңтарда Қазақстан халықтары ассамблеясының бесінші сессиясында жасаған баяндамасында моноұлттық мемлекет құру елімізге үлкен кедергісін тигізіп, Қазақстан пайдасы үшін өз таңдауларын жасаған басқа этнос өкілдерін өзекке тепкенмен тең болатындығын тілге тиек ете отырып, халықтарды өзара бірлікке, ынтымақтастыққа, достыққа, толеранттылыққа шақырды. Олай болса, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – «ұлтаралық қарым-қатынас» мәдениетінде «толеранттылықты» қалыптастыру, дамыту болып табылады.

лишь как промежуточные по отношению к цели учителя, то подросток способен наметить для себя самостоятельную иерархию целей, определить последовательность их достижения, получить удовольствие от планирования крупных блоков своей учебной деятельности. Подросток уже умеет ставить гибкие цели, меняющиеся в зависимости от условий, что необходимо при обучении, построенном на решении проблем. У многих учащихся складывается привычка длительное время следовать своей цели и подчинять этому свое поведение. Подростки обнаруживают упорство в достижении цели и в преодолении трудностей на этом пути. Развитие стержневых избирательных интересов делает поведение подростков в целом целеустремленным. К концу подросткового возраста складывается умение ставить перспективные цели, связанные с будущим.

1 *Выготский С.Л. Психология развития как феномен культуры. — М., 1996. — 21-40 б.*

2 *Выготский С.Л. Собр. Сочинений в 6-ти т. — М.: Педагогика, 1983. Т.5 — 78-95 б.*

3. *Маркова А.К. Формирование мотивации учения*

4. *Леонтьев А.Н. Лекции по общей психологии. М., 2000 -511 с.*

СОДЕРЖАНИЕ

Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р. Абу Наср аль-Фараби и современные представления коллективного субъекта в психологии	10
Шульга Т.И. (Москва). Психологические особенности молодежи, работающей не по специальности	17
Мынбаева А.К. Абу Наср аль-Фараби в истории казахстанского образования	23
Багиярова Ф.А., Фоменко Т.В. Психотерапия панических расстройств методом самосовладания по Асимову (Опыт применения)	31
Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р. Абу Наср аль-Фараби и смысловой анализ внутреннего мира в психологии	35
Әсет Құранбек, Самат Қайратұлы. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала» болмысы және қазіргі қоғам	43
Габитов Т.Х. Культурная политика и менталитет казахстанского общества	48
Сейітнұр Ж.С. Индигендік психология экологиялық валидтілікті арттырудың алғышарты	53
Токсанбаева Н.Қ., Жубаназарова Н.С., Нағашбекова М.Б., Есбергеннова Г. Этносаралық қарым-қатынастың толеранттылық пен эмоциялық тұрақтылыққа әсерін зерттеу	57
Ташимова Ф.С., Байшукурова А.К. Представленность предков как потенциальный ресурс совладающего поведения субъекта	63
Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың маңызы	68
Аязбекова Р.А. Самостоятельная работа как фактор развития и самоорганизации обучающихся	75
Затов Қ.А., Тәуекелова Т.Б. Дін психологиясының өзекті аспектілері.	81
Аймағанбетова О.Х., Кабакова М.П., Файзулина А.К. Особенности кросс-культурных исследований в психологии	85
Тлеубай Г.К. Художественный психологизм в романе «Плаха» Ч.Айтматова	91
Аязбекова Р.А., Мукашев Т.Ж. Психологическая устойчивость офицера-погранзачника как психологический феномен	96
Бергенева Н.С., Исанбекова А.Т., Сатарбаева А.С., Габдулхаева Б.Б. Табиғи төтенше жағдайлар кезінде зардап шегушілерге психологиялық көмек беру	100
Богданова Т.В. Психоземциональное состояние современного российского педагога: задачи для практической психологии аспектілері	105
Гриценко В.В., Смотрова Т.Н. Копинг-стратегии супругов из семей трудовых мигрантов	110
Yeldar Zhurgenov. Development of Institutionalized Children: Psychological Aspects	115
Сатыбалдина Н.К., Аймағанбетова О.Х. Креативность личности и совпадение с трудными жизненными ситуациями	121
Филинкова Е.Б. Психологические проблемы перехода учителей к работе заместителя директора школы	126
Смирнова Ж.А. Применение притчи в экзистенциальной терапии	131
Турсунгожинова Г.С. Влияние психологических факторов на адаптацию студентов в условиях высшего образования	36
Куандықова С.Ж., Скакова Г.С., Базаршина Ж.Р. К вопросу адаптации учебной деятельности младших школьников	140
M.S. Jakupov, D. Y. Tunguskovna. Models of Emotional Competence and its Role in Psychological Well-Being in Adolescents	145
Калипанова М., Ташимова Ф.С. Психологические основы преодоления гиперактивности	150